|-------|-----------------------------------|--|------|
|       |                                   | социальная ответственность: влияние на репутацию компании  |      |
| 1151. | Тастекеев Е.К.                    | Корпоративное управление в высокотехнологичных компаниях: особенности управления инновациями   | 4941 |
| 1152. | Тәжібай А.Е.,<br>Жансеитова Г. С. | Финансовые инновации: трансформация рынка и перспективы развития   | 4945 |
| 1153. | Tunyssova N.                      | Sustainability metrics in it project management  | 4954 |
| 1154. | Умарова А. М.                     | Қазақстан Республикасының шағын және орта бизнесінің инновациялық дамуы  | 4957 |
| 1155. | Уткирова А.,<br>Ахметқалиева Д.   | Қазақстанның өңірлік инновациялық дамуындағы теңсіздіктер  | 4961 |
| 1156. | Khamza A. E.                      | Innovative development of the Republic of Kazakhstan: artificial intelligence in human resource management                               | 4964 |
| 1157. | Хамит Ж. Р.                       | Роль проектного управления в развитии инновационной деятельности вуза  | 4968 |
| 1158. | Шамырзаев Б. Д.                   | Методы решения возникающих проблем в государственном управлении  | 4972 |
| 1159. | Ыбрахым Б. Х.                     | Қазақстанның ұлттық компанияларындағы операциялық тиімділікті басқарудың өзекті мәселелері (мұнай-газ саласындағы компаниялар негізінде) | 4974 |

**Подсекция 7.6 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМ: ЭКОЛОГИЯ,  
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ**

**УСТОЙЧИВЫЙ ТУРИЗМ В КАЗАХСТАНЕ: БАЛАНС ЭКОЛОГИИ,  
ЭКОНОМИКИ И КУЛЬТУРЫ**

**SUSTAINABLE TOURISM IN KAZAKHSTAN: BALANCING  
ECOLOGY, ECONOMY AND CULTURE**

|       |  |   |      |
|-------|--|---|------|
| 1160. | Абдуллаева Жасмин<br>Сайдуллақызы  | Мейрамхана бизнесінде сандық технологиялардың қолданылуы  | 4977 |
| 1161. | Абдрахманов Айдар<br>Серикович,<br>Еремін Владислав<br>Андреевич,<br>Аюпова София<br>Дулатовна | Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана   | 4980 |
| 1162. | Адебиет Анель<br>Ерғазықызы  | Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері   | 4985 |
| 1163. | Амержан Сабира<br>Умурғалиқызы   | Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес  | 4990 |
| 1164. | Балахметова Адия<br>Болатқызы  | Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан | 4992 |
| 1165. | Бекмұхамбетова Іңкәр<br>Маратқызы  | Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері  | 4995 |

|       |   |  |      |
|-------|---|--|------|
| 1166. | Ғиззат Алтынай<br>Ақанқызы  | Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан  | 4999 |
| 1167. | Дәурен Айзат  | Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде  | 5003 |
| 1168. | Есмахай Фариза  | Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту  | 5009 |
| 1169. | Жөкен Баян Асанқызы   | Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі  | 5014 |
| 1170. | Жубан Әділжан<br>Қуатұлы  | Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері  | 5022 |
| 1171. | Исабекова Жұлдызай<br>Бекжанқызы                                      | Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті   | 5025 |
| 1172. | Исмагулов Армат<br>Азаматұлы  | Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері  | 5028 |
| 1173. | Исмоилова Саломат<br>Құрбонбековна,<br>Михлибаев Сеитжан<br>Маратович | Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана  | 5032 |
| 1174. | Калихан Айзере<br>Алтайқызы   | Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай   | 5037 |
| 1175. | Көпей Адель   | Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық | 5042 |
| 1176. | Кубайдоллинова<br>Айнара  | Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері  | 5047 |
| 1177. | Муратбекова Диназ<br>Муратбекқызы                                     | Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм   | 5052 |
| 1178. | Мухамбетқалиева<br>Жансая Әбдіғабитқызы                               | Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі   | 5056 |
| 1179. | Мұрат Аружан<br>Әділханқызы   | Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане  | 5064 |
| 1180. | Саурикова Жансая<br>Қанатқызы, Мұсабек<br>Ақерке                      | Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік  | 5067 |
| 1181. | Нұрмағанбетқызы<br>Нұрдана  | Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында  | 5070 |
| 1182. | Омарова Кенжегуль<br>Акмышевна  | Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан  | 5074 |
| 1183. | Тоғайбаева Алина,<br>Рамазан Рамина                                   | Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь   | 5079 |
| 1184. | Рустемова Сабира<br>Муратовна, Абеуханова<br>Еркежан Бахытбековна     | Семей қаласының туристік әлеуеті   | 5083 |
| 1185. | Сайдханова Арайлым  | Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы   | 5087 |
| 1186. | Сайын Мадина<br>Саматқызы   | Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы   | 5091 |

|       |  |                 |   |      |
|-------|--|-----------------|---|------|
| 1187. | Таран Ерлесқызы  | Нұрлы           | Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі   | 5095 |
| 1188. | Тулегенова Мейрамбекқызы   | Лиана           | Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы   | 5099 |
| 1189. | Утеубаев Назымбекович  | Нурлыбек        | Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана                            | 5104 |
| 1190. | Фатай Қайсарқызы   | Нұрлы           | Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы                                  | 5108 |
| 1191. | Хусаинов   | Д.А.            | Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне   | 5111 |
| 1192. | Шералы Өміржанқызы   | Ақерке          | Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)         | 5118 |
| 1193. | Altynay Kairatkyzy   | Adilkhan        | Cloud technologies as a way to automate the hotel industry  | 5121 |
| 1194. | Aza Yevloyeva  |                 | To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism   | 5128 |
| 1195. | Khamidullin Manapovich   | Nurseil         | Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region                       | 5130 |
| 1196. | Kopbossyn Erlankyzy  | Ayana           | Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan   | 5135 |
| 1197. | Kuanysh B.B.   |                 | Big data technologies in hotel business   | 5138 |
| 1198. | Makhanova Maratovna  | Aizhan          | Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future   | 5143 |
| 1199. | Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna |                 | The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan  | 5146 |
| 1200. | Saginbayeva M.A.   |                 | Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan  | 5149 |
| 1201. | Seyitjan Rauanqyzy   | Nurayim         | AI in the hospitality industry  | 5154 |
| 1202. | Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy           | Merey           | Role of social media in the hospitality industry  | 5158 |
| 1203. | Kaziyeva Zhanatkyzy  | Dilnaz          | E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects | 5162 |
| 1204. | Rakhymkhanova Aidana   |                 | Study of blockchain technology and its application in restaurant business   | 5165 |
| 1205. | Tursungali A.A.  |                 | The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process                                | 5170 |
| 1206. | Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy                      | Gulnur Raikhona | The role of accessible tourism  | 5174 |
| 1207. | Zhanabay.A.A   |                 | Forming inclusive tourism in Kazakhstan's   | 5179 |

|       |                   |       |   |      |
|-------|-------------------|-------|---|------|
|       |                   |       | restaurant and hotel business   |      |
| 1208. | Shazynda Saidkyzy | Yerke | The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan        | 5183 |
| 1209. | Shazynda Saidkyzy | Yerke | Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries | 5188 |

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/  
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

**Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы**

|       |                                 |  |  |      |
|-------|---------------------------------|--|--|------|
| 1210. | Аубакирова Д. К.                |  | Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации                       | 5195 |
| 1211. | Асан М. Н.                      |  | XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау             | 5198 |
| 1212. | Айтмырзаева Ф. Б.               |  | Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер                            | 5201 |
| 1213. | Әжеп Ә. Е.                      |  | 1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі  | 5205 |
| 1214. | Бекишев Т. Б.                   |  | Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого           | 5209 |
| 1215. | Балчих А. Ө.                    |  | Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар  | 5212 |
| 1216. | Бижанов А. С.,<br>Маманов Р. Ш. |  | ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы   | 5216 |
| 1217. | Бейсембекова Г. Ж.              |  | «Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра   | 5220 |
| 1218. | Гиззатова А. А.                 |  | XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері         | 5225 |
| 1219. | Дюсен Ж. М.                     |  | Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года                          | 5231 |
| 1220. | Ескендір Д. К.                  |  | Қазақ антропологиясының негізін қалаушы<br>Оразақ Смақұлов                                       | 5233 |
| 1221. | Жанғалиев У. Қ.                 |  | XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама                       | 5236 |
| 1222. | Жұмабек Қ. М.                   |  | Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания | 5240 |
| 1223. | Жусупова А. Н.                  |  | Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар   | 5245 |
| 1224. | Ибраева Г. Б.                   |  | С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері                             | 5249 |

Демек, кәсіпорындағы баға саясатын қалыптастырудың теориялық аспектілері жан-жақты ұғым болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Кез келген ұйымның табысты қызметі – бұл баға белгілеудің дұрыс тактикасы, сондай-ақ экономикалық тұрғыдан негізделген баға белгілеу әдістері ретінде анықталатын баға стратегиясы.

Кәсіпорынның баға саясаты оның жалпы стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады және бәсекеге қабілеттілікке, кірістілікке және нарықтық өзгерістерге бейімделуге әсер етеді. Қазақстанда кәсіпорындар нарықтық факторларды ғана емес, сонымен қатар монополияға қарсы заңнаманы және бағаны бақылаудың мемлекеттік саясатын қоса алғанда, заңнамалық реттеуді де ескеруі тиіс. Динамикалық және цифрлық баға сияқты инновациялық баға әдістерін енгізу компанияларға баға стратегиясын тиімдірек басқаруға және жаһандық бәсекелестік жағдайында бизнестің тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Горбанев А.А. Стратегии ценообразования в условиях рыночной экономики. – Вестник экономической теории, 2019, Б. 45-53
2. Котлер Ф. Основы маркетинга. – М.: Книга, 2007
3. Портер М.Е. Конкурентная стратегия: Методика анализа отраслей и конкурентов. – М.: Альпина Паблишер, 2006

ОӘЖ 338.12

## **SWOT-ТАЛДАУ ЖОО-ДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

**Бақтыбай Мадина Ақылбекқызы**

[mbaktybayeva99@mail.ru](mailto:mbaktybayeva99@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 7М04101 «Менеджмент» ББ 1 курс  
магистранты, Астана, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доценті м.а. Шамишева Н.К.

«Білім беру жүйесінің басты мақсаты – адамды біліммен, іскерлікпен және дағдылармен қаруландыру, қоғамның және жеке адамның мүдделеріне сай білім алу мүмкіндіктерін кеңейту». [3] Бұл тармақ университеттердің білім беру сапасын арттыру, білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының талаптарына сәйкес келтіру, сондай-ақ студенттердің тәжірибелік дағдыларын дамыту сияқты стратегиялық жоспарлау мәселелерін қамтиды.

«Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін дамыту мен халықаралық білім беру кеңістігіне ықпалдастыруды қамтамасыз ету, білім беру сапасын арттыру, академиялық ұтқырлықты күшейту және инновациялық зерттеулерді қолдау». [4] Бұл тармақ жоғары оқу орындарының стратегиялық дамуын, халықаралық серіктестіктер мен инновациялық ғылыми зерттеулерді дамыту мәселелерін қамтиды, сондай-ақ университеттер үшін білім сапасын арттыру мен бәсекеге қабілеттілікті көтеру бағытындағы міндеттерді анықтайды.

Қазіргі жаһандану дәуірінде жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету маңызды міндетке айналды. Университеттер тек білім беру мекемелері ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу орталықтары, инновациялардың генераторлары және еңбек нарығына жоғары білікті мамандарды дайындайтын институттар ретінде қарастырылады. Сондықтан университеттер өз миссиясын, даму стратегиясын және басқару жүйесін нақты айқындауы тиіс.

Стратегиялық жоспарлау – бұл ұйымның ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтап, оларды іске асырудың нақты жолдарын белгілейтін жүйелі процесс. Университет деңгейінде бұл процесс білім беру сапасын арттыруға, ғылыми зерттеулерді дамытуды қамтамасыз

етуге, инфрақұрылымды жақсартуға және студенттер мен оқытушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталады. Осы мақалада стратегиялық жоспарлаудың маңызы, университеттің күшті және әлсіз жақтарын талдау әдістері, сондай-ақ басқару шешімдерін қабылдауда SWOT-талдаудың рөлі жан-жақты қарастырылады. [1]

Жоғары оқу орындарының стратегиялық жоспарлауы олардың ұзақ мерзімді даму бағытын анықтайтын басқару құралы болып табылады. Бұл процесс университеттің академиялық, ғылыми және әкімшілік қызметін тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жоғары білім беру жүйесі көптеген өзгерістерге ұшырап жатыр: еңбек нарығының талаптары өзгеруде, жаңа технологиялар енгізілуде, студенттер мен оқытушылардың қажеттіліктері артуда. Сондықтан университеттер өздерінің стратегиялық басымдықтарын нақты айқындап, ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ету үшін жаңа тәсілдер мен құралдарды қолдануы қажет.

Стратегиялық жоспарлау жоғары оқу орындарына білім беру сапасын арттыруға, инновациялық ғылыми-зерттеу жобаларын қолдауға, халықаралық серіктестікті нығайтуға және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектеседі. Сонымен қатар, бұл процесс университеттің инфрақұрылымын дамытуға, жаңа білім беру бағдарламаларын енгізуге, студенттерді академиялық және әлеуметтік тұрғыдан қолдауға бағытталған. Университеттің стратегиялық жоспары дұрыс құрылған жағдайда, ол білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандырып қана қоймай, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң әсерін тигізеді. Сол себепті жоғары оқу орындарының стратегиялық басқаруы тек ішкі ұйымдастыру процестерімен шектелмей, мемлекеттің жалпы даму стратегиясымен үйлесуі тиіс.

Стратегиялық жоспарлаудың негізгі кезеңдері:

-Университеттің миссиясы мен көзқарасын қалыптастыру – стратегиялық жоспарлаудың алғашқы және маңызды кезеңі. Бұл кезеңде университеттің басты құндылықтары, мақсаттары және даму перспективалары айқындалады. Университет миссиясы оның негізгі міндеттерін сипаттайды, ал көзқарасы болашақтағы дамуын көрсетеді. Миссияны нақты анықтау университеттің қызметін бағыттап, барлық мүдделі тараптар үшін ортақ бағдар ұсынады.

-Ішкі және сыртқы ортаны талдау университеттің қазіргі жағдайын бағалауға және оның даму жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Ішкі талдау оқу орнының күшті және әлсіз жақтарын айқындаса, сыртқы талдау университеттің бәсекелестік артықшылықтары мен қауіптерін бағалауға көмектеседі. Бұл кезеңде білім беру сапасы, ғылыми-зерттеу қызметі, кадрлық ресурстар, инфрақұрылым және қаржылық тұрақтылық сияқты аспектілер қарастырылады. Сонымен қатар, еңбек нарығының сұранысы, мемлекеттің білім беру саласындағы саясаты және халықаралық білім беру трендтері де есепке алынады.

-Стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді белгілеу – университеттің ұзақ мерзімді даму бағытын нақтылау процесі. Бұл кезеңде білім беру сапасын арттыру, ғылыми зерттеулерді қолдау, материалдық-техникалық базаны нығайту, кадрлық әлеуетті дамыту және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту сияқты басты мақсаттар анықталады. Әрбір стратегиялық мақсатқа сәйкес нақты міндеттер қойылып, олардың орындалу көрсеткіштері белгіленеді.

-Жоспарды іске асыру механизмі университеттің стратегиялық мақсаттарын орындауға қажетті ресурстарды бөлуді қамтиды. Бұл кезеңде білім беру бағдарламалары жетілдіріледі, инновациялық оқыту әдістері енгізіледі, ғылыми жобаларға қаржылай қолдау көрсетіледі және университет инфрақұрылымы жақсартылады. Сондай-ақ, тиімді басқару жүйесін қалыптастыру үшін кадрлық саясат жетілдіріліп, оқытушылар мен қызметкерлердің кәсіби дамуына жағдай жасалады.

Нәтижелерді бағалау және түзету енгізу – стратегиялық жоспардың орындалуын бақылауға бағытталған кезең. Университет басшылығы жоспардың орындалу барысын тұрақты түрде талдап, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді. Бұл университеттің өзгермелі ортаға бейімделуіне және стратегиялық мақсаттарға жету тиімділігін арттыруға

көмектеседі. Бағалау көрсеткіштері ретінде білім беру сапасының жақсаруы, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, ғылыми жарияланымдардың саны және халықаралық ынтымақтастықтың дамуы сияқты факторлар қарастырылады.

Стратегиялық жоспарлау университеттерге білім беру сапасын арттыру, ғылыми зерттеулерді дамыту, материалдық-техникалық базаны жақсарту және еңбек нарығына сай білікті мамандар даярлау мүмкіндігін береді. Университет өз стратегиясын тиімді іске асырған жағдайда, оның бәсекеге қабілеттілігі артып, ұлттық және халықаралық деңгейде беделі күшейе түседі. [2]

SWOT-талдау – бұл ұйымның ішкі және сыртқы ортасын бағалау үшін қолданылатын стратегиялық басқару құралы. Бұл әдіс университеттің артықшылықтарын анықтауға, әлсіз тұстарын бағалауға және даму мүмкіндіктерін айқындауға көмектеседі. Университеттің қазіргі жағдайын нақты талдау және оның болашақ даму стратегиясын дұрыс құру үшін SWOT-талдау әдісі жоғары оқу орындарында кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, оның білім беру және ғылыми қызметін жақсартуға бағытталған.

Кесте 1. Жоғары оқу орнының SWOT-талдауы

| Фактор                  | Күшті жақтар   | Әлсіз жақтар  |
|-------------------------|--|---|
| Білім беру              | - Білікті оқытушылар мен ғылыми зерттеушілердің болуы білім сапасын арттырады.   | - Оқу бағдарламаларының еңбек нарығының талаптарына толық сәйкес келмеуі.                                 |
|                         | - Заманауи оқыту әдістері мен сандық технологияларды енгізу білім жүйесін жетілдіреді.   | - Студенттердің тәжірибелік дағдыларының төмендігі.   |
| Ғылым мен зерттеу       | - Ғылыми зерттеулер мен халықаралық жарияланымдардың жоғары деңгейі университеттің беделін арттырады.  | - Ғылыми зерттеулердің коммерциялануының әлсіздігі.   |
| Қаржыландыру            | - Өртүрлі қаржыландыру көздері (мемлекеттік гранттар, демеушілер) тұрақты дамуға ықпал етеді.  | - Материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі, зертханалар мен жабдықтардың ескіргендігі.              |
| Халықаралық серіктестік | - Халықаралық серіктестік пен академиялық ұтқырлық бағдарламаларының болуы студенттер мен оқытушыларға шетелдік тәжірибе алуға мүмкіндік береді. | - Ішкі басқару жүйесіндегі бюрократиялық кедергілер.  |
| Фактор                  | Мүмкіндіктер   | Қауіптер  |
| Цифрландыру             | - Онлайн білім беру жүйесінің дамуы халықаралық деңгейде қызмет көрсетуді арттырады.   | - Жоғары білім беру саласындағы бәсекелестіктің артуы, жаңа оқу орындарының ашылуы.                       |
| Серіктестік             | - Халықаралық гранттар мен ғылыми жобаларға қатысу университеттің әлеуетін арттырады.  | - Шетелдік университеттердің қазақстандық нарыққа енуі жергілікті университеттерге бәсекелестік тудырады. |
| Практикалық тәжірибе    | - Өндіріс орындарымен ынтымақтастық студенттердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттырады.   | - Демографиялық өзгерістер мен талапкерлер санының төмендеуі.   |
| Қаржыландыру            | - Мемлекеттік және жеке қаржыландыру көздерінің кеңеюі университеттің инфрақұрылымын жақсартуға мүмкіндік береді.                                | - Қаржылық тұрақтылықтың төмендеуі, бюджеттік тапшылық.   |

SWOT-талдау жоғары оқу орындарының даму стратегиясын қалыптастыруда маңызды құрал болып табылады. Бұл әдіс университеттің күшті жақтарын, әлсіз тұстарын, мүмкіндіктерін және қауіптерін жүйелі түрде талдап, оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін

арттыруға көмектеседі. Университеттердің профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігі, ғылыми әлеуеті, инновациялық білім беру бағдарламалары сияқты күшті жақтары оқу орнының беделін нығайтуға ықпал етеді. Дегенмен, оқу бағдарламаларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуі және материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі сияқты әлсіз жақтар университеттің дамуына кедергі болуы мүмкін.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың дамуы мен халықаралық серіктестік мүмкіндіктері университеттердің болашағын ашатын жаңа мүмкіндіктер туғызады. Дегенмен, бәсекелестіктің артуы және нарықтың өзгеруіне уақытында жауап бермеу университеттер үшін үлкен қауіп тудыруы мүмкін.

Бұл талдау жоғары оқу орындарына өз стратегияларын қайта қарап, күшті жақтарын нығайтып, әлсіз тұстарын жақсартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ сыртқы мүмкіндіктерді пайдаланып, қауіптерге тиімді жауап қайтаруға жол ашады.

SWOT-талдау университетке өзінің ішкі және сыртқы ортасын объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Университеттің күшті жақтарын нығайтып, әлсіз тұстарын түзету арқылы білім беру сапасын жақсартуға, ғылыми зерттеулерді дамытуға және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге болады. Сонымен қатар, стратегиялық жоспарлау процесінде мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалану және сыртқы қауіптерге алдын ала дайын болу маңызды. [5]

Университеттерге инновациялық технологияларды енгізу, серіктестік байланыстарды кеңейту және академиялық бағдарламаларды еңбек нарығының талаптарына сай бейімдеу қажет. Осы шараларды жүзеге асыру арқылы университеттер өздерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қоса алады. Стратегиялық тұрғыдан дұрыс жоспарланған басқару шешімдері университеттің ұзақ мерзімді тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, оның ұлттық және халықаралық деңгейде беделін нығайтуға көмектеседі.

SWOT-талдаудың нәтижелері университет басшылығына білім беру, ғылыми зерттеулер, қаржылық тұрақтылық және халықаралық серіктестік бағыттарында стратегиялық шешімдер қабылдауға негіз болады. Университеттің дамуы үшін тиімді басқару шешімдерін қабылдап қана қоймай, оларды сәтті іске асыру тетіктерін де қарастыру маңызды.

Білім беру сапасын арттыру – университеттің негізгі басымдықтарының бірі. Қазіргі еңбек нарығы жылдам өзгеруде, сондықтан оқу бағдарламаларының мазмұнын уақытылы жаңартып, заманауи талаптарға сай бейімдеу қажет. Бұл үшін университет жаңа курстар мен пәндерді енгізіп, студенттердің тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге басымдық беруі керек. Өндірістік тәжірибені күшейту, дуальды білім беру жүйесін дамыту және цифрлық технологияларды кеңінен қолдану арқылы білім сапасын арттыруға болады. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасуын жеңілдету үшін университет жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнатуы қажет.

Ғылыми зерттеулерді қолдау – университеттің халықаралық деңгейдегі беделін арттырудың маңызды жолы. Ғылым мен инновацияға инвестиция салу, шетелдік ғылыми қауымдастықпен ынтымақтастық орнату университеттің ғылыми-зерттеу әлеуетін күшейтеді. Ғылыми жобаларды қаржыландыруды арттыру арқылы университет жас ғалымдарды ынталандырып, ғылыми жаңалықтар мен патенттердің санын көбейте алады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру жүйесін жетілдіру университетке қосымша табыс көзін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету – университеттің үздіксіз дамуы үшін аса маңызды фактор. Қаржылық тұрақтылыққа жету үшін университет мемлекеттік және халықаралық гранттарды тиімді пайдалануы қажет. Сонымен қатар, өз бетінше қаржы табу механизмдерін дамыту керек. Бұл мақсатта білім беру қызметтерін кеңейту, кәсіпкерлік орталықтар ашу, ғылыми жобаларды коммерцияландыру және бизнес-құрылымдармен серіктестікті нығайту секілді шаралар қолға алынуы тиіс. Университеттің қаржылық тәуелсіздігі оның жаңа бастамаларды жүзеге асыру қабілетін арттырып, стратегиялық

жоспарларын тиімді іске асыруға мүмкіндік береді. [6]

Халықаралық серіктестікті кеңейту – университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды қадамдарының бірі. Шетелдік университеттермен байланыстарды нығайту, академиялық ұтқырлықты дамыту және бірлескен ғылыми жобалар жүргізу университеттің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануын тездетеді. Халықаралық бағдарламаларға қатысу, қос дипломдық білім беру жүйесін енгізу және шетелдік студенттерді тарту арқылы университеттің жаһандық деңгейдегі танымалдығын арттыруға болады. Сонымен қатар, оқытушылар мен зерттеушілердің халықаралық тағылымдамалардан өтуін қамтамасыз ету білім беру және ғылыми қызмет сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Осылайша, басқару шешімдерін дұрыс қабылдау және стратегиялық жоспарларды тиімді іске асыру университеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Әрбір бағыттағы нақты шараларды жүзеге асыру университеттің білім беру сапасын жақсартып қана қоймай, оның ғылыми және қаржылық әлеуетін нығайтып, халықаралық беделін арттыруға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарында стратегиялық жоспарлаудың халықаралық тәжірибесі әртүрлі елдерде білім беру сапасын жақсартуға және ғылыми қызметті дамытуға бағытталған. АҚШ университеттері инновациялық зерттеулер мен халықаралық серіктестіктерге баса назар аударады, Ұлыбританияда оқу орындары мемлекеттік қаржыландыруды тиімді пайдалану үшін инновациялық бағдарламаларды енгізеді. Германияда білім сапасын бақылау үшін арнайы аккредитация жүйесі қолданылса, Қытай университеттері жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті болу үшін білім беруді интернационалдандыруға бағытталған стратегияларды жүзеге асырады. Әр елдің тәжірибесі жоғары білім беру жүйесін жетілдіруге ықпал ете отырып, халықаралық білім беру мен зерттеулерді дамытуға мүмкіндік береді. [7]

Жоғары оқу орындарында стратегиялық жоспарлау университеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады. Ол оқу орындарының ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтап қана қоймай, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, білім беру сапасын жақсартуға бағытталған. Университеттердің негізгі міндеті – еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандарды даярлау, ғылыми зерттеулерді дамыту және қоғамға қажетті инновациялық шешімдерді ұсыну. Сондықтан стратегиялық жоспарлау университеттің әрбір қызмет саласын қамтып, білім беру, ғылыми-зерттеу, әкімшілік және қаржылық тұрақтылық бағыттарында тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. [8]

Стратегиялық жоспарлауды сәтті іске асыру үшін университеттер жаңа технологияларды енгізіп, халықаралық тәжірибені пайдаланып, басқарудың икемді әдістерін қолдануы қажет. Сонымен қатар, университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері мен мүдделі тараптары стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруға белсенді қатысуы тиіс. Университет дамуының тұрақтылығы білім беру сапасына ғана емес, сондай-ақ ғылыми-инновациялық қызметтің деңгейіне, халықаралық серіктестік байланыстарға және түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты. Осылайша, жоғары оқу орындары үшін стратегиялық жоспарлау олардың болашақтағы дамуын айқындайтын, бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыратын және қоғамның сұранысына сәйкес келетін маңызды басқару жүйесі болып қала береді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мұхамеджанова, Г. С. Білім беру жүйесінде стратегиялық жоспарлау: Тәжірибе және инновациялар // Астана: Фолиант, 2021, С. 45-62.
2. Porter, M. E. Competitive Strategy: Techniques for Analyzing Industries and Competitors // Free Press, 2008, С. 123-145.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жарлығы, 2007

4. Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған стратегиялық жоспары // ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2023,
5. Айтжанова, Н. Ә. Стратегиялық басқару: Теория және тәжірибе // Алматы: Экономика баспасы, 2019, С. 89-112.
6. Джонсон, Г., Шлезингер, К. Стратегический менеджмент: Теория и практика // М.: Юрайт, 2018, С. 134-156.
7. Дехтяр, Е. В. Управление качеством образования: международный опыт и практики // Москва: Академический проект, 2022, С. 78-95.
8. Шакирова, Н. К. SWOT-талдау және оның жоғары білім беру жүйесіндегі қолданылуы // Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2020, С. 56-72.

ОӘЖ 338.27

## **АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДАҒЫ МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

**Боранкул Заңғар Талғатұлы**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ “Менеджмент” білім беру бағдарламасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Сейсинбинова А.А.

Адам ресурстарын басқару – бұл кәсіпорындағы жұмыскерлердің қызметін ұйымдастыру және жоспарлауға бағытталған стратегиялық тәсіл болып табылады. Ал оның негізгі зерттеу пәні – қызметкерлердің жұмыс атқару тиімділігін арттырып, компанияның алдына қойған ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізу. Бұл процесс қызметкерлерді іріктеу, оқыту, ынталандыру, кәсіби жағынан дамыту және оларды ұстап қалу сияқты кешенді іс-әрекеттерді қамтиды, бұл персоналдың белсенділігі мен өнімділігін максималдайды.

Қазіргі уақыттағы адам ресурстарын басқарудың функцияларын 3 ішкі жүйе арқылы қарастыра аламыз. Оларға мыналар жатады:

1. Адам ресурстарын қалыптастыру;
2. Адам ресурстарын пайдалану;
3. Адам ресурстарын дамыту.

1. Адам ресурстарын қалыптастыру – кәсіпорынның әлеуетін анықтайды. Дұрыс таңдалған қызметкерлер шығындарды азайтып, корпоративтік мәдениетке бейімделеді. Қызметкерлерді іріктеу компанияның дамуы мен өсуіне ықпал етеді. [1]

2. Адам ресурстарын пайдалану – мақсаттарға жету үшін қызметкерлердің дағдыларын дамыту. Басқарушының міндеті – қолайлы орта қалыптастыру, мысалы, қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігін беру немесе процестерді автоматтандыру. Бұл өнім сапасын жақсартып, бәсекеге қабілеттілікті арттырады. [1]

3. Адам ресурстарын дамыту – бұл жұмысшылардың білімін, дағдыларын және қабілеттерін дамытуға арналған коучингтер, тренингтер және кәсіби өсу бағдарламаларын жүргізіп отыру. Технологиялық өзгерістер мен жоғары бәсекелестік жағдайында қол астыңыздағы жұмысшылардың кәсіби өсуі өте маңызды. [1]

Адами ресурстарды басқару мәдени ерекшеліктерге байланысты өзгереді, себебі әртүрлі мәдениеттерде жұмысқа, көшбасшылыққа және ынталандыруға көзқарастар әртүрлі. Бұл жұмыс стиліне, басшылықпен қарым-қатынасқа және ынталандыру әдістеріне әсер етеді. Геерт Хофстеде мәдени айырмашылықтарды талдау үшін 6 өлшемді ұсынған:

- Биліктегі қашықтық (Power Distance);
- Индивидуализм және коллективизм (Individualism & Collectivism);
- Маскулинділік және феминділік (Masculinity & Femininity);
- Белгісіздікке төзімділік (Uncertainty Avoidance);
- Ұзақ және қысқа мерзімді жоспарлауға бағыттылық (Long-Term Orientation & Short-Term Orientation);